


**«Ә. Жангелдин атындағы орта мектеп» КММ бойынша  
Жасөспірімдер арасында «Құқық бұзушылықтың  
алдын алуға» байланысты жүргізілген жұмыстар  
2024 – 2025 оқу жылы**

2024 – 2025 оқу жылы басталғаннан құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында мектептерде бірнеше іс – шаралар атқарылды. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында Атырау ҚПБ №1 ҚПБ-мен біріккен іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарға сәйкес бекітілген іс – шаралар өткізіліп отырды. Мектеп бойынша көлікпен қатынап оқитын оқушылар азайып, намаз оқитын ата – аналар мен оқушылар саны екі жылға салыстырғанда көбейіп келеді. Осы диаграммада көрсетілген.



2023-2024 жылы 132 оқушы қаладан

2024-2025 жылы 105 оқушы қаладан



2023-2024 жылы 107 ата-ана, 44 оқушы

2024-2025 жылы 122 ата-ана, 32 оқушы

Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Өкінішке орай кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді. Оқу жылы басталғалы бері оқушылармен мақсатты профилактикалық жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Құқық бұзушылық, нашақорлық, темекі шегу, маскүнемдік, зорлық - зомбылық, беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, т.б бойынша әңгімелесу, кездесу, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Қыркүйек айында Атырау ОПД ЕҚКІҚБ аға жедел уәкілі Марияна Қозбекқызы, Атырау ҚПБ ЖПҚБ аға инспекторы Төлегенов Нұрланбек Сүйіндікұлы қатысуымен 6 – 8 сынып оқушыларына «Абайлаңыз балалар» тақырыбында жедел профилактикалық кездесуі, Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Кошкарлова Роксана Батырбековна, Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Салихова Ақмарал Жумажановна, №1 ҚПБ КПБ жедел уәкілі полиция капитаны Сағындықов Нурболат Жумабайұлы, №1 ҚПБ КПБ аға жедел уәкілі полиция капитаны Иманғалиев Султан Нурланұлының қатысуымен 9 – 11 сынып оқушыларына «Жасөспірім» тақырыбында кездесу, 11 сынып оқушыларына мектеп инспекторы Р.Кошкарлова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Турланова, 11 сынып жетекшілері және педагог ұйымдастырушы М.Сейтованың қатысуымен «Құқықтық тәртіп» тақырыбында мезгілсіз уақытта ата – ананың қарауынсыз көшеде жүрмеудің алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары, № 4 Қалалық емхананың акушеркасы А.Бекмуханбетова, мектеп медбикесі С.Ғалымжанова, мектеп психологы С.Махмутова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жамбырова, педагог


ұйымдастырушы М.Сейтова қатысуымен 9 – 11 сынып қыздарына «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Оқушылармен жұмыс балалардың бойында азаматтық жауапкершілік пен құқықтық сана-сезімді, рухани және мәдениет пен еңбекқорлықты, бастамашылдықты, дербестікті, төзімділікті, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу сабақтарын және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде тәртіпті нығайту мақсатында мектепте сынып жетекшілері мен оқушылардың күнделікті кезекшілігі ұйымдастырылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жалпы мектепте өзге 11 ұлт өкілдері бар (5 түрік, 6 қарақалпақ).


*Мектеп бойынша өзге ұлт оқушылары туралы мәлімет:*

Барлығы	Ұлы	Қызы	Түрік	Ұлы	Қызы	Қарақалпақ	Ұлы	Қызы
11	8	3	5	5	-	6	3	3



*Мектеп бойынша өгей ата-аналар туралы мәлімет*

Өгей ата-ана отбасы саны	Өгей әкемен тұратын отбасы	Өгей анамен тұратын отбасы	Өгей әкемен тұратын отбасындағы бала саны	Ұлы	Қызы	Өгей анамен тұратын отбасындағы бала саны	Ұлы	Қызы
31	27	1	29	7	2	2	1	1



Мектепшілік, қалалық ПБ есебінде тұрған оқушылардың ата-аналарымен сынып жетекшілер тығыз байланыста болады. Сынып жетекшілер білім алушының тұрғылықты мекен-жайына рейд жұмыстарын жүргізіп, жасөспірімнің отбасылық тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі мен жасөспірімді зерттеу картасын, мектепшілік есепте тұрған оқушыға

мінездеме толтырады. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспары негізінде білім алушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Барлық кәмелетке толмағандар мәдени-бұқаралық, спорттық, мектепшілік іс-шараларға қатысады. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес мынадай мәселелерді қарайды:

- құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жай-күйін зерделеу және талдау бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстардың жай-күйі;
- жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру;
- мектеп Жарғысын бұзатын білім алушыларды анықтау және мектепшілік есепке қою;
- ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамауы бойынша сұрақтар;
- мектепшілік есепте тұратын білім алушыларды спорт секцияларына, үйірмелерге тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру

«Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша ЮП және мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны және құқық бұзушылықтың жай – күйіне мониторинг.

№	Есепке тіркелгендер	2023 оқу жылы	2024 оқу жылы
1	Мектепшілік есепке алынғандар саны	1	1
2	Қалалық ПБ	1	1
3	Есепке алынған негізі	Қаңғыбастықпен айналысқан үшін	Қаңғыбастықпен айналысқан үшін

Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектепте құқықтық кеңес беру және оның жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп отырды. Сонымен қатар Құқық бұзушылыққа қарсы жүргізілетін тәрбие шараларының Атырау ҚПБ №1 ҚПБ-мен біріккен жұмыс жоспары бекітілді. «Құқық және құқық бұзушылық алдын-алу және оны болдырмау» жөнінде комиссия құрылды.

2024 жылдың 3 қыркүйек күні Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің 6-8 сынып оқушылары арасында «**Абайлаңыз балалар**» атты жедел профилактикалық кездесу іс-шарасы өткізілді. Кездесуге Атырау ОПД ЕҚКҚБ аға жедел уәкілі Марияна Қозбекқызы, Атырау ҚПБ ЖПҚБ аға инспекторы Төлегенов Нұрланбек Сүйіндікұлы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог ұйымдастырушы, мектеп психологтары қатысты. Кездесуде оқушыларға заңсыз іс-әрекеттер мен есірткі сияқты зиянды әдеттерден аулақ болуды, оның адам денсаулығына қауіпті екендігін, сонымен қатар заңсыз әрекеттерге барған жағдайда заң жүзінде жауапқа тартылатындықтары жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар арасында пікірлесу болып, көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алды. <https://www.facebook.com/share/v/6S67YpS5SuCV6SHQ/>



2024 жылдың 10 қыркүйек күні Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің 11 сынып оқушылары арасында «**Құқықтық тәртіп**» тақырыбындағы жедел профилактикалық іс-шарасы аясында кешкі сағат 23:00-ден кейінгі уақытта ата-анасының немесе заңды өкілінің еріп жүрмеуінсіз, басқа да заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторы Р.Қошқарова, директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары С.Тұрланова, 11 сынып жетекшілері және педагог ұйымдастырушы М.Сейтованың қатысуымен түсіндірме



Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 17 – 19 күндері аралығында «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуіне орай Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты Кошқарова Роксана Батырбековна, Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция майоры Салихова Ақмарал Жумажановна, №1 ҚПБ КПБ жедел уәкілі полиция капитаны Сағындықов Нурболат Жумабайұлы, №1 ҚПБ КПБ аға жедел уәкілі полиция капитаны Иманғалиев Султан Нурланұлының қатысуымен 18 қыркүйек күні Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің 9 – 11 сынып оқушыларымен кездесу өтті. Қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі – бұл жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық сауаттылық беру мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді. Кездесуге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог ұйымдастырушы және сынып жетекшілері де қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/kwAvnFA1SRFeXuPx/?mibextid=WC7FNe>



20 қыркүйек 2024 ж Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде №4 Қалалық емхананың акушеркасы А.Бекмуханбетова, мектеп медбикесі С.Ғалымжанова, мектеп психологы С.Махмутова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жамбырова, педагог ұйымдастырушы М.Сейтова қатысуымен 9-11 сынып оқушыларына қыздар жиналысы өткізілді. **Қатысушылар саны: 70 Тақырыбы: «Ерте жүктіліктің алдын алу»** **Жиналыстың мақсаты:** Ерте жүктіліктің алдын алу мәселесін түсіндіру және қыз балалардың бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық, ептілік, кішіпейілдік сияқты ұлттық қасиеттерін таныту.



2024 жылдың 10 қазан күні Ә. Жангелдин атындағы орта мектептің 5-7 сынып оқушылары арасында «Менің негізгі құқықтарым» атты әңгіме сағаты өтті. Кездесуге учаскелік инспектор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог ұйымдастырушылар қатысты. Әңгіме сағатында оқушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, бала құқықтары, оларды сақтау, оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттерін қалыптастыру туралы түсінік жүргізілді. Мектептің ішкі тәртібі мен міндеттерін ескерте отырып, оқушыларды тәртіпті жүруге шақырды.  
<https://www.facebook.com/share/p/NtTw3G5FJSJ9h9BtG/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 15-16 қазанында Ә. Жангелдин атындағы орта мектептің 5-7 сынып оқушылары арасында «Жасөспірімдердің өміріндегі буллинг» атты пікірталас өтті. Пікірталасқа учаскелік инспектор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог ұйымдастырушылар қатысты. Шараның мақсаты: оқушылар арасында буллинктің алдын алу, оның зиянды әсерлері туралы ақпарат беру және құрдастар арасындағы қолдау мәдениетін қалыптастыру.

Шараны мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ашып, буллинктің қазіргі қоғамда өте өзекті мәселе екенін айтты. Оқушылардың әлеуметтік ортадағы қиындықтарын атап өтіп, буллингке тап болған балалардың психологиялық және физикалық денсаулығына тигізетін салдары туралы баяндады. Әр сыныптан бір оқушы өз ойларын ортаға салып, буллингке куә болған жағдайда не істеу керектігі туралы пікірлерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1f8oSAYuAZbbmsvV/?mibextid=WC7FNe>

